

Ясауи университеті

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ – ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

университет студенттерінің үні

№ 06 (500) 15 сәуір 2021 жылы



БҮГІНГІ НӨМІРДЕ

ТҮРКОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ІЛГЕРІЛЕУ

Институтта 2002 жылдан бері тұрақты шығып келе жатқан «Туркология» журналының бүгінде рецензиялы, индекстелген халықаралық журналға айналғаны институт ұжымының еңбегі. Осымен қатар 2 жыл сайын Туркология конгресінің тұрақты өткізіліп келе жатқаны әлем туркологтарының назарын аударуда.

2 БЕТТЕ

КЕЛЕЛІ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАНДЫ

Мемлекет басшысы бауырлас елдердің жастары үшін Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде бакалавриат бағдарламасы бойынша 50 грант бөлуге дайынбыз деді. Бұл 50 грант «Ясауи стипендиясы» деп аталатын болады. Білім беру, біліктілікті арттыруда Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің мүмкіндігі көп.

3 БЕТТЕ

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ МЕН УНИВЕРСИТЕТІМІЗ ЕРЕКШЕ АТАЛЫП ӨТТІ

ТҮРКСОЙ мен Түркі академиясының тарихи маңызы бар Түркістан өңірінде археологиялық зерттеулер жүргізу туралы шешім қабылдауы қаламыз бен университетіміз үшін қуантарлық жағдай деп есептеймін. Түркия Республикасының Президенті Реджеп Тайып Ердоған да университетімізді «Түркі әлемінің мақтаншы» деп құрметпен атауы мерейімізді үстем етті.

3 БЕТТЕ

Президент Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

«ЯСАУИ МҰРАСЫ МЕН ҚАСИЕТТІ ТҮРКІСТАНДЫ ӘЛЕМГЕ ТАНЫТУДАН БАСТАУҒА ШАҚЫРАМЫЗ»

1992 жылы Анкарада өткен алғашқы басқосуда Елбасы түркі елдерінің басшылары бұдан былай киелі Түркістанда кездесіп тұрады деп айтқан.

Түркістан – барлық түркі халықтары үшін қастерлі қара шаңырақ, құтты мекен және аңсарлы атажұрт.

Бабаларымыз осы өңірде ғұлама ұстаз Қожа Ахмет Ясауиден діни білім алып, түркі-ислам мәдениетін әлемге таратқаны белгілі. Түркілер Кіші Азияға бет бұрғанда бұл құндылықтар түп-тамырымызды сақтап, бірлігімізді бекем ұстауға негіз болды.

Біздің мақсатымыз – түркі әлемін ХХІ ғасырда маңызды экономикалық және мәдени-гуманитарлық кеңістіктің біріне айналдыру.

Түркі өркениетін жаңғыртуды, ең алдымен, Ясауи мұрасы мен қасиетті Түркістанды әлемге танытудан бастауға шақырамыз.

Сол себепті, бүгінгі саммит «Түркістан – Түркі әлемінің рухани астанасы» деп аталып отыр.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен Түркістан қаласы түбегейлі өзгеріп, жаңа келбетке ие болды.

Білім беру саласындағы ынтымақтастық – болашақтағы табысты серіктестіктің негізгі факторы. Осы ретте, ортақ мәдени-ағартушылық кеңістік қалыптастырған жөн. Сол арқылы жастардың заман талабына бейімделуіне жол ашылады. Оны «Ұлы

түркілер» білім беру қорын құру арқылы жүзеге асыруға болар еді. Қор университеттер арасында академиялық ұтқырлық, тағылымдамадан өту, біліктілікті арттыру ісін үйлестіреді. Біз бауырлас елдердің жастарына Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде бакалавриат бағдарламасы бойынша оқу үшін 50 грант бөлуге дайынбыз (Ясауи атындағы стипендия).

Бесіншіден, қазіргі заманда гуманитарлық және академиялық ықпалдастықтың өзектілігі артып келеді. Іргетасы орта ғасырда қаланған Түркістан шаһары археологиялық және ғылыми тұрғыда әлі толық зерттелген жоқ. Сондықтан, ТҮРКСОЙ мен Түркі академиясының Түркістан өңірінде археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге баса мән беруі өте орынды. Бұдан бөлек, тамырластық символы ретінде Түркістанда халықтарымызға ортақ сәулет нысанын салсақ, құба-құп.

Құрметті әріптестер!

Бүгінгі тарихи басқосуымызды түйіндей келе, тұтас түркі әлемі үшін маңызы зор Түркістан декларациясын қабылдауды ұсынамын.

(Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің бейресми саммитінде сөйлеген сөзі)

«ТҮРКІСТАНҒА 3000 ЖЫЛ» АТТЫ ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТТІ

Жуырда университетімізде шетелдік ірі ғалымдар, археологтардың қатысуымен «Түркістанға 3000 жыл» атты дөңгелек үстел өтті. Кездесуде Түркістан облысы әкімінің орынбасары Сәкен Қалқаманов, оқу орда басшысы Жанар Темірбекова, ҚР Дүниежүзілік мұра ұлттық комитеті төрағасының орынбасары Дмитрий Воякин, Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының бас директоры, ҚР ҰҒА академигі Бауыржан Байтанаев, Буниятова Шығыстан институты директорының орынбасары, академик Мұстафаев Шайм, антропология департаментінің профессоры, Louis Вашингтон университеті Майкл Фрачетти, археолог, ғылым докторы, археология институтының директоры, Татарстан Республикасы Халикова Ғылым Академиясының корреспондент мүшесі Айрат Сидиков, археолог, тарих ғылымдарының докторы, Германия археологиялық институтының корреспондент мүшесі Виктор Зайберт қатысты.



Дөңгелек үстел өткізудегі негізгі мақсат, тарихы терең Түркістан қаласына 3000 жыл болғандығын тарихи деректер арқылы жұртшылыққа көрсету.

Жиын барысында тарих ғылымдарының докторы, Әлкей Марғұлан атындағы археология институтының бас директоры Бауыржан Байтанаев: «Түркістан ежелгі және ұлы қала, сондықтан ол қасиетті өлке. Бұл ерекше қаланың тарихы өте ежелде, көптеген ғасырлар бұрын басталған. 1990-2000 жылдары біз Түркістанның 1500 жылдығын атап өттік. Бірақ содан бері көп уақыт өтті. Біз бұл датаны атап өткен кездегі мәліметтер кеңестік және кеңес дәуірі болған. Содан кейін Қазақстанның тәуелсіздігінің барлық жылдарында жүргізілген іргелі зерттеулер болған жоқ. Ең қызықты Ежелгі Түркістанның урбанизациясының өзіндік терең тарихы бар.

Демек, біздің дәуірімізге дейінгі 15 ғасырда тайпалар осы территорияда өмір сүрген. Түркістан аумағындағы

археологиялық кешендерді зерттей отырып, біз екі ежелгі қорымдарды ашамыз. Мұнда табылған жерлемелер мен атрибуттар біздің дәуірімізге дейінгі XV ғасырға жататыны сөзсіз. Бұл жәдігерлер мұнда өмір сүрген тайпалар мәйіттерді осында жерлегенін және осы қаланың аумағында өмір сүргенін көрсетеді», – деді. Дөңгелек үстелге жиналған археолог ғалымдар да өзара пікір білдіріп, ежелгі қаланы әлі де зерттеп зерделей түсу керектігін жеткізді.

Кездесу соңында университет басшысы келген қонақтар мен ғалымдарға оқу орда атынан «Қожа Ахмет Ясауидің хикметтері» атты университетіміздің қолдауымен жарыққа шыққан даналық кітапты және «Президент Назарбаев» қызғалдағының гүл шоқтарын тарту етті.

ЖАҢАЛЫҚТАР

ТҮРКОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫНДАҒЫ ҒЫЛЫМИ ІЛГЕРІЛЕУ



Университетімізде ғылым күніне орайластырылған апталық шаралар жүзеге асуда. Осыған орай Түркология ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен институттың құрылуы, ғылыми жұмыстары және жоспарлары жөнінде ғылыми семинар өтті. Семинарда арнайы баяндама жасаған институт директоры, профессор Булент Байрам Түркология институтының мақсаты мен жоспарлары жайында сөз қозғап, институттың бүгінгі атқарып жатқан шаруаларымен таныстырып өтті. Институтта 2002 жылдан бері тұрақты шығып келе жатқан «Түркология» журналының бүгінде рецензиялы, индекстелген халықаралық журналға айналғаны институт ұжымының еңбегі. Осымен қатар 2 жыл сайын Түркология конгрессінің тұрақты өткізіліп келе жатқаны әлем түркологтарының назарын аударуда. Ғылымдағы ілгерілеуді санмен емес сапамен танытуды мақсат еткен институт ұжымы «Түркология» журналының санын азайтып, бір жылда 4 санын шығаратынын жеткізді.

Баяндамашы Түркология институтындағы қолжазбалар қоры жайында да тоқталып, ғалымдардың қолжазбалар сипаттамасын дайындап, 2 томын жарыққа шығарғанын, 3-кітабы баспаға дайындалып жатқанын атап айтты. Ғалым басшы Булент Байрам «болашақта қолжазбалар сипаттамасы да, қолжазбалар да түрік тіліне аударылып, күллі түркі жұртына ортақ мұраға айналуы тиіс» екенін айтып, қолжазбалардың құндылығын сөз етті. Қолжазбаларға институт тарапынан арнайы зерттеу жасалып, кей мұралардың жеке кітап болып жарық көретіні белгілі болды.

Семинар соңында профессор Булент Байрам институт ұжымының атынан Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің оқытушы-профессорлары мен ғалымдарын Қазақстан Республикасы ғылым саласы қызметкерлері күнімен құттықтап, ғылыми жұмыстарына сәттілік тіледі.

Түркология ғылыми-зерттеу институты

ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ ЯДРОЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

Ұлы Абайдың: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады», – деген сөздері ұстаздық мамандықтың болмысын ашатын сөздер емес пе?

Сондықтан кәсіби шеберлігі шындалған, құзырлығы жоғары, өз ісінің технология болу ұстаздан нені талап етеді десе, ол оқытушының шығармашылық іс – әрекетінің мазмұны зерттеушілік


сы.

Әр сабағына өздігінен білім меңгерудің, ізденіс пен жемісті еңбектің қайнар көзіне айналдырғанда ғана, талапқа сай мұғалім болу мәселесі шешіледі. «Сабақ беру – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер», – дейді Жүсіпбек Аймауытов.

Таяуда университетіміздің Жаратылыстану факультеті, Физика кафедрасының PhD доцент Ш.Р.Құрбанбеков арнайы шақыртумен Дәулет Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетінің «Физика» кафедрасының 3-ші және 4-ші курс студенттеріне «NUCLEAR SAFETY AND SECURITY IN THE MODERN WORLD (ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕ ЯДРОЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК)» лекция – өткізді.

Ядролық қауіпсіздік - халықаралық және ұлттық қауіпсіздік жүйесінің аса маңызды бөлігі; адам өміріне, қоғам дамуына қауіп төндіретін, биосфера мен экожүйе жағдайына орны толмас зардап тигізетін ядролық апаттарды болдырмауды көздейтін әскери және азаматтық белгідегі ядролық нысандардың жай-күйімен байланысты. Ядролық қауіпсіздікке қол жеткізудің жолдары: жоғары ядролық технологиялар мен ядролық қаруды таратпау; ядролық сынақтарға тыйым салу; ядролық құрал-жабдықтарды сақтау, өңдеу және тасымалдауға халықаралық бақылау орнату туралы студенттерге толық ақпарат берілді.

Толқын НАЗАРБЕК



қызметтен, жеке ізденістерден тұрады. Нәтижеге бағытталған білімдендірудің жаңа жүйесіне көшу оқытушылардың кәсіби біліктілігін арттыруда да жаңа көзқарасты қалыптастыруды, құзырлықтарын үнемі дамытуды талап етеді. Жоғары мәдениетті адам ғана осы қажеттіліктерді шешудің жолдарын іздейді, табады.

Ойы жүйрік, ақылы терең, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, шығармашылығы биік, кәсіби шеберлігі жетілген, ізденуші, зерттеуші, жасампаз жаңашыл ұстаз – бүгінгі қоғамның тапсыры-

АҚПАРАТТАР АҒЫНЫ

Визит орталықта Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті 12-сәуір Ғылым қызметкерлерінің күніне орай баспасөз-конференциясын ұйымдастырды. Мәжілісте оқу орда басшысы Жанар Темірбекова және ректор өкілі Женгиз Томар оқу орда ғалымдарын мерекемен құттықтап, ғылыми саладағы жетістіктеріне тоқталды. Айта кетейік, бүгінгі таңда университетімізде 71 доктор, 252 ғылым кандидаты, 100 PhD доктор жұмыс жасайды. Оның 5% Түркиядан және басқа елдерден келген оқытушылар.

Пресс-конференцияда оқу ордамыздың ғылым саласына өлшеусіз үлес қосып жүрген ғалымдарымыз ой-пікірлерімен бөлісті. Соның ішінде экология ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор Аманкүл Ақбасованың орны бөлек. Ғалым-академиктің бүгінгі таңға дейін 350-ден астам ғылыми еңбектері жарық көрген, оның ішінде 3 монография (1-і Германияда шыққан), 5 оқулық, 15-тен астам оқу құралы, 4 терминологиялық сөздігі, 1 экологиялық энциклопедия бар. Сондай-ақ ғалым 20-дан астам авторлық куәлік пен өнертабыс патенттерінің авторы.

Сондай-ақ дінтанушы ғалым, философия ғылымдарының докторы, профессор Досай Кенжетай пәлсафа тұрғысынан тұщымды ойларымен бөлісті. Сонымен қатар, Археология ғылыми-зерттеу институтының директоры Көпжасар Жетібаев та соңғы жылдардағы ауқымды жобалар барысын айтып, соның ішінде Сығанақ қалашығындағы қазба жұмыстарынан маңызды дүниелерді тілге тиек етті.

Баспасөз-конференциясы соңында журналистер ғалымдарға сұрақ қойып, тиісінше жауап алды.

Университетімізде «Математика» және «Физика» білім бағыттары бойынша философия докторы (PhD) бейіні дәрежелерін беру үшін диссертацияларды қорғау жөніндегі Диссертациялық Кеңесі жанындағы Ғылыми-өдіснамалық семинарда «Физика» кафедрасының докторанттарының диссертациялық жұмыстарын талқылау онлайн режимде өтті.

Университетімізде «Президент Назарбаев» қызғалдақтарының алғашқы гүл шоқтары ардагерлерімізге табысталды. Білім ордасының басшысы Жанар Амангелдіқызы «Президент Назарбаев» қызғалдағының ең алғашқы гүл шоқтарының иесі ардагер ұстаздарымыз екендігін айтты. Гүл патшасы қызғалдақ оқу ордамыздың ғалымдарымен Ботаникалық бақ оқу-өндірістік ғылыми кешенінде баптап өсірілді.

Айта кетейік, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің орынбасары Ералы Лұқпанұлы Тоғжанов Мырзаниң Түркістан қаласына 2020 жылы қазан айында келген іс-сапары кезінде Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті ғалымдары мен Ботаникалық бақ Оқу-өндірістік ғылыми кешенінің потенциалын пайдалана отырып, 2021 жылы Түркістан қаласында өтетін Түркі тілдес мемлекеттерінің ынтымақтастық кеңесінің саммитіне «Президент Назарбаев» қызғалдағын өсіруді ұсынған еді. Міне осындай ұсыныстан кейін Университет басшылығы білім ордасының ғалымдарымен ақылдаса отырып, ғылыми зерттеу тобын құрып оған жетекшісі етіп, ауыл шаруашылығы ғылымының докторы, профессор Амангелді Апушевті тағайындаған болатын. Бүгінгі таңда осы саяси және мәдени маңызы зор қызғалдақтың 3000 пиязшығы университеттің Ботаникалық бағы аумағына отырғызылған. Бүгінде қызыл кілемше жайқалып өскен «Президент Назарбаев» қызғалдағы көздің жауын алады.

Оқу ордамыздың басшысы Жанар Темірбекова Оқушылар сарайына барып, жұмыстарымен танысты. Кездесу барысында оқушылар сарайымен екі жақты әріптестік аясында өзара меморандум түзілді.

Айта кетейік қаламыздағы оқушылар сарайы 2021 жылдың ақпан айында пайдалануға берілген болатын. Көп бейінді мектептен тыс балалар мекемесінде әртүрлі үйірмелермен қоса, заманауи үйірмелер де жұмыс жасауда.

Дарынды шәкірттер тәрбиелеп жатқан мекеме басшысы Индира Сарқытқызы бүгінгі таңда университетпен бірігіп үлкен жобаларды жүзеге асыруға ниет білдіріп отыр. Алдағы уақытта әріптестік аясында екі тараптан да жақсы жаңалықтар орын алмақ.

Инженерия факультетінің ұйымдастыруымен Дайындық факультетінде білім алып жатқан түркі тілдес елдер мен туыстас қауымдастықтардан келген азаматтарға кәсіби бағдар жұмыстары бойынша кезекті онлайн-кездесуі жүргізілді.

КЕЛЕЛІ ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАНДЫ

Түркілер Кеңесінің құрылғанына – 12 жыл. Осы жылдар ішінде халықаралық беделге ие болды. Жақында өткен түркі әлемі басшыларының бейресми басқосуында келелі ұсыныстар айтылып, шешімдер қабылданды. Білім беру саласындағы ынтымақтастық – болашақтағы табысты серіктестіктің негізгі факторы. Осы ретте Қазақстан Президенті ортақ мәдени-ағартушылық кеңістік қалыптастырған жөн деп



есептейтінін айтты. Президенттің пікірінше, оны «Ұлы түркілер» білім беру қорын құру арқылы жүзеге асыруға болады. Қор университеттер арасында академиялық ұтқырлық, тағылымдамадан өту, біліктілікті арттыру ісін үйлестіреді.

Мемлекет басшысы бауырлас елдердің жастары үшін Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде бакалавриат бағдарламасы бойынша 50 грант бөлуге дайынбыз деді. Бұл 50 грант «Ясауи стипендиясы» деп аталатын болады. Білім беру, біліктілікті арттыруда Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің мүмкіндігі

көп. Түбі бір түркі халықтарының басын бір тудың астына біріктірген университетіміздің есігі білімгерлер үшін айқара ашық. Білім алуға барлық жағдай жасалған. Қазіргі заманда гуманитарлық және академиялық ықпалдастықтың өзектілігі артып келе жатқанын айтқан Қасым-Жомарт Тоқаев іргетасы орта ғасырда қаланған Түркістан шаһарының археологиялық және ғылыми тұрғыда әлі толық зерттелмегенін атап өтті.

– Сондықтан ТҮРКСОЙ мен Түркі академиясының Түркістан өңірінде археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге баса мән беруі өте орынды. Бұдан бөлек, тамырластық символы ретінде Түркістанда халықтарымызға ортақ сәулет нысанын салсақ, құба-құп, – деді Мемлекет басшысы.

Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайип Ердоған Түркі кеңесі түркі халықтары арасындағы бірліктің символы деп атап өтті. Сонымен қатар, Қожа Ахмет Ясауи бабамыздың Түркістанда өмір сүруі, қаламызды бүкіл әлемдік географияға енуіне зор ықпал еткендігін айта келе Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетіне де арнайы тоқталып өтті. Мемлекет басшыларының ортаға салған пікірлеріне қарап Түркістан қаласы мен оқу орнымыздың мәртебесі асқақ екенін аңғаруға болады. Саммитте Түркістан қаласын түркі әлемінің рухани астанасы ретінде атау ұсынылды. Ондағы мақсат – түркі әлемінің ХХІ ғасырда маңызды экономикалық және мәдени-гуманитарлық кеңістіктің біріне айналдыру. Түркі өркениетін жаңғыртуды, ең алдымен, Ясауи мұрасы мен қасиетті Түркістанды әлемге танытудан бастауға шақырған Мемлекет басшысы саммиттің атауын да «Түркістан – түркі әлемінің рухани астанасы» деп аталып отырғанын айтты. Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесінің бейресми саммитінің қорытындысы бойынша Түркістан декларациясы қабылданды. Барлық түркі халықтарының қастерлі қарашаңырағы Түркістан қаласы түрлене берсін!

Жанар ТЕМІРБЕКОВА,
университет ректоры

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ МЕН УНИВЕРСИТЕТІМІЗ ЕРЕКШЕ АТАЛЫП ӨТТІ

2021 жылдың 31 наурызында Түркістанда өткізілуі жоспарланған Түркі Кеңесінің бейресми саммиті карантинге байланысты онлайн өтті.

Мемлекет басшыларының ортаға салған пікірлеріне қарап Түркістан қаласы мен оқу орнымыздың мәртебесі асқақ екенін аңғаруға болады.

Түркі дүниесінің ақсақалы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 2018 жылы Түркістан қаласын облыс орталығы деп жариялаған уақыттан бері екі жыл бойы қарқынды жұмыс жүргізіліп, қонақ үйлер, мұражайлар, сауда орталықтары, сондай-ақ мәдени және білім беру мекемелері салынып, көне шаһар жаңа келбетке ие болды. Саммитті Түркістан қаласының өзінде өткізу мүмкін болмағанмен, Түркістан күн тәртібіндегі маңызды мәселелердің біріне айналғаны белгілі.

Барлық мемлекет басшылары күллі түркі халықтарына ортақ, әлемге әйгілі ғұлама, философ Қожа Ахмет Ясауи мұрасының маңыздылығы туралы пікір білдірді. Қожа Ахмет Ясауи өмір сүрген түркі әлемінің бірлігі мен ынтымақтастығының белгісі және университетіміз орналасқан Түркістан қаласы Түркі әлемінің рухани астаналарының бірі болып саналды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда түркі елдерінің ерекше экономикалық аймағын құруды ұсынды. Сонымен қатар, университетімізге тікелей қатысы бар – жасанды интеллект, деректерді талдау, цифрландыру және электрондық коммерция саласындағы жалпы білім-мәдени платформасын құру мәселесі тағы бар. Қазақстан Республикасының

Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ахмет Ясауи университетіне Түркі дүниесінен келген студенттерге Түркия мен Қазақстан мемлекеттері тарапынан бөлініп отырған 200 шәкіртақылы контингентке қоса «Ясауи шәкіртақысы» деп аталатын бакалавриат бағдарламалары үшін



50 шәкіртақы тағайындалатыны туралы мәлімдеді. ТҮРКСОЙ мен Түркі академиясының тарихи маңызы бар Түркістан өңірінде археологиялық зерттеулер жүргізу туралы шешім қабылдауы қаламыз бен университетіміз үшін қуантарлық жағдай деп есептеймін.

Түркия Республикасының Президенті Режеп Тайип Ердоған да университетімізді «Түркі әлемінің мақтанышы» деп құрметпен атауы мерейімізді үстем етті. Біз осы саммитке қатысып, Түркістан қаласы мен университет үшін өте маңызды шешімдер қабылдаған Түркі дүниесінің барлық мемлекет басшыларына шексіз алғыс айтамыз.

Женгиз ТОМАР,
ректор өкілі

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ ЖАСТАР ТӘРБИЕСІ

Биыл еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басып, тәуелсіздіктің жиырма алты жылдық табалдырығын аттап отыр. Бұл тарихи өлшем бойынша аса ұзақ уақыт емес. Сонымен бірге осы уақыт ішінде бір ұрпақ өсіп, жетіліп, отбасын құрып, өмірдің кезекті сатысына қол жеткізді. Осы қысқа мерзім ішінде, қазақ халқы өзінің рухани мәдениетін жетілдіруде қандай жетістіктерге жетті немесе неден кенже қалды деген мәселер жөнінде Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: Халқының әлеуметтік жағдайын жақсарту, мәдениет пен білім деңгейін көтеруге бағытталған бастамалары туралы әңгіме етіп келешек өміріміздің қарқынды түрде дамуын атап өткен болатын. Тәуелсіздік кезеңінде сана сезімге өшуге айналған немесе әрекетсіз жағдайда қалған ұлттық сезімдер, діни сенімдер, этикалық құндылықтар және мәдени мирастар жандана бастады.

Қазіргі кезде қоғамдағы халықтың басын біріктіретін ұлттық идеяны қалыптастыру үшін біз жастарға білім беру, тәрбие жұмыстарына баса назар аударуымыз қажет. Жастарды азамат ету бөрінен маңызды. Жерді қайта жыртуға, өнбей қалған тұқымды қайта себуге болар. Ал уақытында білім мен тәрбие алмаған баланы қайта қалыптастыруға мүмкіндік өте шектеулі. Шын мәнінде біздің жастар уақыт талабына, заман зәрулігіне сай тірлік атқара ала ма? Бәсекеге қабілетті ме? Міне осындай сұрақтарға нақтылы жауап таба білуге тиіспіз. Бұл үлкендерге де жастардың өздеріне де тікелей қатысты сауалдар. Жоғары оқу, арнаулы орта оқу орындарында, жалпы білім беретін мектептерде дарынды жастар аз емес. Өмірдің өзекті мәселесі – жастар тәрбиесі қай қоғамда, қай уақытта болмасын өзінің маңыздылығын жоғалтқан емес. Болашақ ұрпақ бесіктен басталып, бала тәрбиесінің негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Алайда деректерге жүгінетін болсақ, 2020 жылы жалпы республикамыз бойынша оқушылар арасындағы қылмыстар 16,9% төмендеген болса Түркістан облысында мұндай жағдай байқалмайды. ҚР Конституциясының 27 бабының 2 тармағында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың жеке құқығы өрі міндеті» деп айқын көрсетілген. «Неке және отбасы» туралы Заңда «Бала тәрбиелеуші ата-аналар оның дене, психикалық, адамгершілік және рухани жағынан дамуына қажетті өмір сүру жағдайларын қамтамасыз ету үшін негізгі жауапкершілікте болады»-делінген.

Ал шындығына келгенде жалпы қоғам болып заң талаптарын орындалуын әрбір ата-анадан талап етуді ойдағыдай жүзеге асырудамыз ба? Әрине

жоқ. Жаңа құрылған жас отауға «Босаған берік болсын!», - деп тілек айтамыз. Бірақ шаңырақтары тым тез шайқалып жатқан жұптар аз емес. 2019 жылы облысымызда құрылған 6763 жас отбасының 1036 некелесу шарттары тоқтатылған. Ал былтырғы жылғы қорытындысымен әр бір 100 некелескен отбасының - 15%-ы ажырасып үлгерген. Бұл нені көрсетеді? Бұл ұлттық құндылықтарымыздың, әдет-ғұрыптарымыздың өзгергені, арзаңдай бастағаны емес пе? Егерде бұл қорытындыға келісетін болсақ онда жалпы қоғамның, зиялы қауымның, ата-ананың жауапкершілігін арттыру қажет. Біз, жоғары оқу орындарының оқытушы-профессорлары, Қ. К. Тоқаевтың жыл басындағы Жолдауында, оқу-ағарту, тәлім-тәрбие, білім мен ғылымды дамытуға айрықша мән бергеніне дән риза болдық. Президент аталған құжатта: «**Оқу орындары, жастарға тек білім беріп қана қоймай, сонымен бірге алған білімін әлеуметтік бейімделу үрдісіне пайдалануға да үйрету тиіс**» деген ойды алға тартады. Әрине жастарға білім беру мен бірге олардың тәрбиесіне ерекше мән беру өзекті мәселе. Өйткені қазіргі мемлекеттік саясаттың түпкі мақсаты – жастар болашағы. Бүгінгі жас-мемлекеттің ертеңгі тірегі. Сондықтан жастар тәрбиесінде тегеурінді рухани мағына, қамқорлық, моральдық және материалдық көмек беру әрбір оқытушының басты мақсаты болуы керек. Демек, әрбір отбасыдан, мектеп қабырғасынан, колледж, университеттерге дейін осы мәселеге үнемі назар аударудың маңызы зор.

Шындығына келгенде, Ж.А.Темірбекова басқарып отырған оқу ордамызда балаға қатысты қоғам талаптарының орындалуы толыққанды жүзеге асырылуда. 2020 - 2021 оқу жылында ақылы білім алатын 200 дарынды, таланты жас жеткіншектерге тегін оқуға мүмкіндік берілді. Жыл сайын сапалы білімді, тәрбиелі және белсенді студенттердің оқуына мейлінше жағдай жасалады. Келешекте ақылы бөлімде оқитын үлгілі студенттерге төлемақысын қысқарту, талантты жастардың шетелдерде білім алуына мүмкіндіктер қарастырылуда. Қорыта айтқанда, оқу-ағарту, тәлім-тәрбие саласына қойылған міндеттердің барлығы уақтылы әрі толық жүзеге асса, Үкімет пен биліктің басқа да тармақтары осы мүдде маңында күш біріктіре білсе, елдің тағы бір сатыға өркендейтіні анық. Ал біздің А.Ясауи атындағы ХКТУ-нің ірі ғылыми-техникалық міндеттерді шешуде қаржылық, материалдық және мамандар ресурстарын жұмылдыруға мүмкіншіліктері өте үлкен.

Р.А. Дайрабаев,
биология кафедрасының доценті.

СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ

Студенттер беті

АУДИТОРИЯ



ЕЛ БІЛЕТІН ЕЛЕУБЕКОВ...

Журналистика мамандығының 1-курс студенті Аян Атабектің "Оңтүстік" телеарнасының телеоператоры Талғат Елеубековпен жүргізген сұқбатын оқи отырыңыздар.

- Талғат аға, сізді телеоператор болуға кім немесе не итермеледі?

Менің журналистика саласына келуіме марқұм әкем Үркімбек Елеубеков себепкер болды. Кезінде ұзақ жылдар "Оңтүстік Қазақстан" газетінің фототілшісі болып қызмет атқарған.

- Камераға деген қызығушылығыңыз қалай оянды?

Камераға деген қызығушылығым, бірінші фотоаппараттан бас-

той түсіретіндер бұлай қызмет ете алмайды. Олар бұл жиындағы адамдарды жалпы алып қана түсіреді. Қорытындысы кәсіби телеоператорлардың той түсіретіндері күн-көріс қамы үшін ғана осылай қызмет етеді.

- Қазіргі телеоператорларға көңіліңіз тола ма? Оларға не жетіспейді?

Иә, қазір заманның дамыған кезі. Жас телеоператорлар немесе енді жұмысқа орналасқан жас мамандардың жан-жақты екенін байқадым. Олар заманауи түсіру әдістерін пайдалана отырып, халықтың көңілінен орын тауып отыр. Бірақ, жастардың бұл іске келгенде кішкене жалқаулық танытатыны да бар, әрине. Бұл істі жалқаулыққа жығып қоймай, одан әрмен камерамен жақсы түсірудің жолдарын үйреніп немесе арттырып еңбектенсе нұр үстіне нұр болар еді.

- Өзіңіздің есте қалған қызықты оқиғаларыңызбен бөліссеңіз.

Мұхтар Атабек деген "Оңтүстік" телеарнасының журналисі бар. Менің әріптесім әрі құрдасым. Мен осы кісімен көптеген съемкаға шығамын. Міне, сол түсірілімдердің бірінде біз Бәйдібек ауданы Теректі ауылындағы бұлақтан су алып және осы бұлақты таспаға түсірген едік. Сол кезде менде су астында да түсірілім жасауға мүмкіндігі бар "Go pro" деген кішкентай ғана камера болатын. Осы камераны бұлақтың ішіне қойып түсіріп жатқанымда бұлақтың көзінен кішкентай «маринка» балық көзіме түседі. Бұл балықтың ерекшелігі қабырғасы қап-қара еді. Адам көрсе бұлақтың бетіне шықпайды екен. Сол мезетте осы балықты түсіріп алу керек болды, қатты қызықтым. Жаңа айтып өткен кішкентай камерамды бұлақтың көзіне қарай қаратып қойдым. Жарты сағат өтті, бір сағат өтті. Мен әлі күтіп отырмын. Жанымдағы Мұхтар әріптесім маған ашуланып, тіпті шыдамы таусылып, ұрса бастады. Ал менің қызығым әлі басылар емес. Әріптесім сонда маған бір хабар түсіріп қоятын уақытымыз

болды деп шағымдануда. Сонда да болсын мен онын ренішіне мән бермей, жұмысымды істей бердім. Дегенмен, кеш те болсын негізгі жұмысты да бітірдік. Ертеңіне камерамды алып жұмысқа келдім. Кешегі түсірген көрінісімді компьютерден Мұхтарға көрсетсем ол да ырза болып жатыр. «Бұның керемет екен, кішкентай камераның да мұнша мықты екенін білмеппін» - деді де кете барды.

Бірақ сол күні көлігіміздің жарығы жанбай, Боралдайдан қайтар жолда түнге қалып кетіп, әр машинанын жарығына "жармасып", қалаға әрең жеткен едік. Міне, осындай да қызық оқиға басымнан өткен болатын...

Әңгімеңізге рахмет!



тау алды. Мен 3-ші сынып оқитын кезімде, әкемнің қызметіне байланысты жанұямызбен бұрынғы Түркістан ауданынан Шымкент қаласына көшіп келген болатынбыз. Сол кезде әкем мені осы Шымкент қаласындағы Жамбыл Жабаев атындағы номері 26-шы мектепке оқуға берген еді. Міне, осы сәттен бастап әкем қолыма фотоаппарат ұстатып, оның қыр-сырларын үйретті. Ал мен өзім ұнатқан көріністерді фотоға түсіріп, оның суретін басып шығарып алатын едім. Содан бастап әр көріністердің пландарын түсіруді үйреніп, қызығушылығым камерамен жалғасын тапты.

Менің ойымша қазіргі көпшілік телеоператорлар өзінің негізгі мамандығына сай қызмет етуін ұмытқандай. Себебі, телеоператорларды той-томалақ алаңдарында көптеп кездестіріп жатамыз...

- Сіздің ойыңызша бұл өзі осы қызметтің жаңа өрлеуі ме әлде негізгі жоспарынан алшақ кетуі ме?

Қазіргі кезде елімізде экономикалық дағдарыс белең алуда. Оның үстіне телеоператорлардың айлық көрсеткіштері төмендеу. Бұл қызмет адамдары таңнан кешке дейін өзінің жұмысын істеп, одан кейін той-томалақ түсіріп күн-көріс ақшасын тауып отырады. Кәсіби телеоператорлар телеарнада да жұмыс жасап, той түсіріп жүрсе де еш уақытта ойы бұзылмайды. Яғни, кадрын өзгертпейді. Міне, кәсіби телеоператорлар ойын-сауық жиынындағы әр маңызды қонақтың сөйлеп тұрған көрінісін жан-жақты түсіреді. Ал тек қана

**Сұхбаттасқан:
Аян АТАБЕК
1-курс студенті.**

ТАРИХЫ ТЕРЕҢ ТҮРКІСТАН

«Тарих дегеніміз – бір халықтың тек қана еркіндікке қарай ұмтылысының тарихы ғана емес, сол халықтың тәрбиесінің де тарихы» - деп француз жазушысы Жозеф Ренан айтқандай өскелең ұрпақ қаламыздың ерлік пен елдікке толы тарихының құндылығын толық ұғынып, сабақ алғанда ғана халқымыз өмірде кездескен қиындықтарға мойымай, қорытынды шығару арқылы келешегін дұрыс бағдарлай білетін мәңгілік ел болары сөзсіз. Әсіресе еліңнің, өмір сүріп жатқан қалаңның тарихын білу өте маңызды. Біздің қаламыздың тарихының тамыры тереңде жатыр. Мың жарым жылдан аса өмірбаяны бар Түркістан – ер жүрек батыр қала. Моңғол-татар, жоңғар шапқыншылығын, қазіргі Орта Азия мен Қазақстанда сол кезде өмір сүрген мемлекеттер мен хандықтардың жаугершілігін көрген қала. Орта ғасырдағы Сыр бойындағы Сығанақ, Сауран сияқты үлкен шаһарлардан біздің ғасырға жеткені де осы қала.

Түркістан - Орта Азия мен Қазақстандағы ең көне қалалардың бірі. Ол туралы алғашқы деректер араб жазбаларында ІҮ-ІХ ғғ. Бастап Шавғар деген атпен кездесе бастайды. Араб тарихшы-географы Әл-Истахри ибн Кордаубех ат-Танрази өз жазбаларында: “Көне Шавғар XI ғасырға дейін өмір сүрген де, XIғ. бастап қала орталығы Яссыға көшті”, - дейді. Бұл деректерді қазіргі біздің археолог ғалымдар да растайды. Түркістанның V-VI ғасырларда іргетасы қаланып, ертеректе Яссы деп аталған. Археологтар қаланың тарихы тереңде жатқанын дәлелдеп отыр. Шаһардың айналасындағы аймақта тас дәуірі ескерткіштері — Шоқтас, Қошқорған бұл өңірде әуелгі адам кем дегенде 550 мың жыл бұрын мекен еткенін көрсетеді. Біздің заманымыздан бұрынғы 1-мыңжылдықтан Түркістан қаласы төңірегінде Қазақстанның басқа да өңіріндегідей Андронов мәдениетін жасаушылар тұрған. 7—12 ғасырларда Түркістан төңірегі Шауғар өңірі атанған. Бұл өңір Түрік қағанатына қарады. 9 ғасырда қарлұқтар мен оғыздардың қол астында болды. Бұл өңірге 809-819 жылы аралығында Хорасан билеушісі әл-Манун, 10 ғасырдың соңында саманилік билеуші Наср жаулаушылық жорықтар жасаған. 12 ғасырдың 1-ширегінде қидандар шабуылынан Шауғар құлағаннан кейін, Яссы өлкенің орталығына айналды. Қаланың Ұлы Жібек жолының бойында, Дешті Қыпшақ пен Орта Азияның аралығында болуы, географиялық жағдайдың қолайлылығы, сонымен бірге адамдардың мазарға тәу етуі, сауданың қызу жүруі елді мекеннің өркендеуіне ықпал етті.

ЮНЕСКО-ның Әлемдік мұрасы тізіміне енген Қожа Ахмет Ясауи ғимараты – орта ғасырлық сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші. Ол XII ғасырда өмір сүрген бүкіл Шығысқа аты әйгілі көне түркі ақыны, сопылықты уағыздаушы Ахмет Ясауидің (Яссы-дан шыққан деген мағынада) бейітінің басына орнатылған. Халық аңыздарында Түркістандағы әулиенің әруағын атақты қолбасшы, бүкіл Шығысты тітіренткен Әмір Темірдің айрықша сыйлап өткені айтылады. Оның әмірімен Ахмет Ясауи қайтыс болғаннан екі жүз жылдан кейін қирап бітуге таянған кішкене ғана мазардың орнына, дүниежүзілік сәулет өнерінің белгілі ескерткіші орнатылды. Ахмет Ясауидің уағыздаушы және ақын ретінде атағы кең жайылып, оның «Диуан-и Хикмет» («Даналық жайындағы кітап») атты діни өлеңдер жинағы көне түркі тілінде жазылғандықтан, жергілікті халыққа түсініктілігі арқасында талай мәрте қайта көшіріліп, бірнеше рет басылған. Кесене аумағында Қаз дауысты Қазыбек би, Абылай хан, Есім хан, Хақназар хан, Тәуке хан, Қанжығалы қарт Бөгенбай батыр тағы басқалар жерленген.

Тақырыпқа қайта оралар болсақ, 1579 жылы Яссы қаласы Ақназар ханның иелігіне айналды. Түркістан Есім ханнан бастап Қазақ хандығының орталығы болды. Сол кезден Яссы қаласы Түркістан деп атала бастады. 18 ғасырда жоңғар шапқыншылықтары қаланы құлдыратып жіберді. 1819—64

жылы Түркістан Қоқан хандығының қол астына қарады. Сол кезеңде Түркістан қаласының аумағы 10 гектарға жуық болды. Оны балшықтан соғылған қамал қоршап тұрды. Қабырғада 12 мұнара мен 4 қаппа болған. 19 ғасырдың 60-жылдары Түркістанда 20-ға жуық мешіттер, 2 медресе, базар, 22 су диірмені, 5 мыңдай тұрғыны болды. 1864 жылы 11 маусымда Түркістанды Ресей әскерлері жаулап алды. 1872 жылдан уездік қала аталды. 20 ғасырдың басында Түркістан 1400 гектардай жерді алып жатты. 1903 жылы Түркістанда темір жолы вокзалы салынды. 1908 жылы 3616 үй, 41 мешіт, 2 класты қалалық училище, қыздар училищесі, 1 медресе, 23 мектеп, 2 шіркеу болған. Қала халқы 1910 жылы 15236 адам болды. Өнеркәсіп және сауда орындарынан 1912 жылы мақта тазалайтын, 10 май шайқайтын, 8 сабын қайнататын, кірпіш зауыттары, 15 су диірмені жұмыс істеді.

Түркістан қаласы 1928 жылдан Түркістан ауданының әкімшілік орталығы. Қалада жөндеу-механик, мақта тазалау, жем, кірпіш зауыттары, темір-бетон бұйымдарын шығаратын, тұрмыс қажетін өтейтін комбинаттар т.б.



кәсіпорындар жұмыс істейді. Саттар Ерубаяев мұражайы қызмет көрсетуде. 1991 жылы "Әзіреті Сұлтан қорық-мұражайы" ашылды. Түркістанда орта білім беретін мектептерден басқа, арнаулы білім беретін оқу орындары бар. 1991 жылы Түркістанда Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің негізі қаланып, қазіргі кезде еліміздегі жетекші білім беру ордасына айналды. ЮНЕСКО шешімімен Түркістан қаласының 1500 жылдық мерейтойы әлемдік деңгейде аталып өтілді (2000).

Гүлжан Ниязова,
1-курс студенті

БҮРКІТҚАЗЫ АҚЫННЫҢ - ДАРА ЖОЛЫ

Жуырда айтыскер ақын, әрі асаба Бүркітқазы Әділбекпен сұхбаттасудың сәті түскен еді. Назарларыңызға ұсынамыз.

- Ең алғаш айтыс өнеріндегі өміріңіз қалай басталды?

Айтыс менің қанымда бар десек болады, себебі менің анамның інілері ақын. Бойымда сол нағашыларымның қаны, дарыны, таланты бар десем болады. Мен ең алғаш 7- сынып оқып жүргенімде өлең шығара бастаған болатымын. Мектеп қабырғасында жүріп оқушылар айтыстарына қатысып, сол кезден бастап өз бойымдағы талантты көрсеттім. Түрлі өлең, жыр, әдеби жарыстарға қатысып орындар иеленіп көріне бастадым. Кейін ақындыққа деген қызығушылығым арта түсті.

- Сіздің осы күнге дейінгі айтыстарыңыздың ең тартысты да қызықтысын атай аласыз ба?

- Осы уақытқа дейін мектеп қабырғасынан бастап студенттік кезде де айтыстым. Соңғы екі жылда осы Жүрсін Ерман ағамның айтыстарына шығып, халықаралық екі айтысқа бардым. Енді барған жерлерден де жүлделі болып қайтып жатырмын. Бірақ ең қызықты деген айтысым студенттік кездегі айтыстар. Студенттік кезде көптеген айтыстарға қатыстым. Әр айтыстың өз қызығы бар десем болады. Енді өмірімдегі ең тартысты айтыс деп қырғыздармен айтысты айта аламын. Қырғыздың Жәнішбек және Мұңдызбек деген екі ақынымен айтысқан болатымын. Міне осы мен үшін бір тартысты айтыс болды



десем болады.

- Бүркітқазы аға сізді айтыстан ғана емес қазіргі таңда асабалық қырыңызды көп байқап жүрміз, жалпы осы асабалықты қашан бастадыңыз?

- Асабалықты мен екінші курс оқып жүргенімде бастаған болатымын. Асабалық дегеніміз тіл байлығы, енді ол ақындар үшін қиындық тудырмайды. Бірақ қазір екінің бірі асабалық атқарып жүр ғой. Бірақ оның ішінде шоумен тағы неше түрлілері бар. Қазір халық біреуі жеңіл сөзді асаба шақырса, енді бірі салмақты сөз сөйлейтін асабалар шақырады. Әр адамның талғамы әр түрлі. Қазіргі таңдағы басты қызметім осы асабалық. Менің мамандығым негізінен журналист, бірақ осы айтыста жүргеннен кейін ешбір жерде жұмыс істемеппін. Студент болып жүріп асабалықты алып кеттім.

- Жалпы саясатқа араласқыңыз келмей ме?

- Саясатқа араласуға болады, бірақ «Қой сойса да, қасапшы сойсын» дегендей, әр істің өз мамандары бар. Егер ұсыныс түсіп шақыртып жатса, неге бармасқа.

- Осы күнге дейін неге қол жеткіздім және алдағы уақытта неге қол жеткізем дейсіз?

- Осы күнге дейін Аллаға шүкір отбасын құрдым, үш балаға әке болдым. Енді отбасы болғаннан кейін балаларымда кішкентай болғандықтан қарбаластық болады. Бұл да өмір заңдылығы ғой. Аллаға тәубе сонда да өнерді тастаған жоқпыз. Қазіргі карантинге байланысты біраз айтыстарымыз кейінге шегеріліп қалды. Енді ел аман болса қайтадан бұрынғы қалпымызға келсе, бұйырса әлі алда көптеген жоспарлар мен мақсаттарым бар. Халықтан не алам деп емес халыққа не берем деп, халыққа қызмет ететін ақын болу.

Ақынмен сыр бөліскен: **Ербақыт НЫҒМЕТ**
1-курс студенті

ГАЗЕТТИҢ ТҮРІК ТІЛІНДЕГІ ҚОСЫМШАСЫ



IV Tartışma Turnuvası

IV Tartışma Turnuvası

“Geleceğimiz – Birlikte” konulu IV.Ulusal Tartışma Turnuvası, “İKTÜ” Tartışma Kulübü tarafından düzenlenmiştir. Etkinliğe 20 üniversiteden 128 öğrenci katıldı.

Açılış töreninde Üniversite Rektörü Janar Temirbekova ve Rektör Vekili Prof. Dr.Cengiz Tomar birer konuşma yaptı.

Turnuvanın amacı: tartışmalar ve görüş alışverişi yoluyla ülkenin tüm bölgeleri ile yakın bağlar kurmak, öğrencilerin bilgi düzeyini yükseltmek ve bir yaratıcı düşünme sistemi geliştirmek. Ayrıca tartışmalar, gençlerin çok yönlü gelişmelerini harekete geçirmelerine olanak sağlayan entelektüel bir platformdur. Turnuva, bin yıllık tarihine sahip olan konuşma sanatının bir yansımasıdır.

Yesevi Kupası Turnuvası sonucunda birinciliği 150.000 tenge tutarında nakit ödülle Narkhoz Üniversitesi Mukanbek Aibergen ve Bulekbaev Erlan öğrencileri aldı. İkinci sırada Myrzabay Zhanserik ve Tastanov Daniyar, 100.000 tenge tutarında nakit para ödülü aldı. Üçüncülük ise Taraz'ın onurunu savunan Aldiyar Organov tarafından 70.000 tenge tutarında nakit para ödülü aldı. Ayrıca en aktif takımlara teşvik ödülleri verildi.

Turnuvayı kazanan tüm takımları tebrik ederiz!



En üst düzeyde çevrimiçi bir seminer düzenlendi

Mühendislik Fakültesi, çevrimiçi bir seminer düzenledi. Seminere, El-Farabi Üniversitesi elemanı, Uluslararası Bilişim Akademisi akademisyeni Serik Kulamamirov katıldı. Seminer konusu: “Mühendislik Ekipmanlarının İnterneti”. Seminere Elektrik ve Bilgisayar Mühendisliği Fakültesi öğretmenleri ve öğrencileri katıldı.

Online toplantıda, fakülte dekanı Nurbek Saparkhodjaev, fakültesini konuşmacıya tanıttı, bilimdeki başarıları ve konunun önemini vurguladı ve ayrıca edindiği bilgileri pratikte uygulamaya çağırdı. Seminerin sonunda öğretmenler ve öğrenciler soru sordular ve detaylı cevaplar aldılar.

Seminerin bir sonucu olarak, İT teknolojilerinin otomasyonu ve yönetimi alanında profesyonel disiplinlerin tanıtılması, bu konularda ortak araştırmalar ve hibe projeleri için ortak konuların geliştirilmesi dahil olmak üzere bir dizi tavsiyede bulunuldu.

DARHAN KIDIRALI İLE GÖRÜŞME

Universitemizi Egemen Kazakistan Gazetesi Yönetim Kurulu Başkanı, Uluslararası Türk Akademisi Başkanı Darhan Kıdıralı ziyaret etti.

Üniversite rektörü Janar Temirbekova ile Darhan Kıdıralı arasında yapılan görüşmede, Türk Akademisi ile üniversite arasındaki işbirliğinin geliştirilmesi, Yesevi mirasının yaygınlaştırılması ve üniversitenin yıldönümünün ortak kutlanması konuları ele alındı. Bu yıl şiir klasiği Nizami Gencevi'nin 880 yıldönümü, şair Yunus Emre'nin 700 yıldönümü ve ünlü Türk düşünür ve şair Alisher Navoi'nin 580 yıldönümü olduğuna dikkat edilmelidir. Türkistan'ın canlanması ve Türk medeniyetinin gelişmesi için bir dizi proje de tartışıldı.

Toplantıda Darhan Kıdıralı, üniversite rektörüne Türk Akademisi'nden kitaplar hediye etti. Gelecekte verimli işbirliğinin ve yeni projelerin geliştirilmesinin devam etmesi bekleniyor.



SPORCULARIMIZ KAZAKİSTAN CUMHURİYETİ ŞAMPİYONLUĞUNUN KAZANANLARIDIR




05-09 Nisan 2021'de Kostanay'da Kazak Güreşi Şampiyonası düzenlendi. Kızlar arasında +70 kg ağırlık kategorisinde “Beden Eğitimi ve Spor” Bölümü öğrencisi Yeşimbek Nazgül ikinci, erkekler arasında ise 84 kg ağırlık kategorisinde Kuandık Beknur üçüncü oldu.

Sporcularımız, Kazakistan Cumhuriyeti Onurlu Antrenörü Profesör Abdısadık Halillayev ve Kazakistan Cumhuriyeti Spor Ustası, baş antrenör Muhtar Bugenbaev tarafından eğitilmektedir.

Ülkemizin onurunu ve üniversitemizin şanlı adını korumaya devam etmenizi dileriz!

DIŞ DENETİM TAMAMLANDI



8-9 Nisan 2021 tarihlerinde IQNet uluslararası sertifikasyon sisteminin ortağı olan Türk Standartları Enstitüsü Tetkikçileri Hidayet Şahin ve Rasim Yılmaz TS-EN-ISO 9001: 2015 standardına uygunluk için dış denetim gerçekleştirdi.

Denetimin amacı, mevcut kalite yönetim sisteminin uluslararası standartların gereklerine uygunluğunu ve üniversite yapılarında süreç yönetimi kavramının oluşumunu kontrol etmektir.

Stratejik Planlama, Reyting ve Kalite Merkezi tarafından hazırlanan programa uygun olarak tüm departmanlarda iki günlük online denetim düzenlenmiştir. Etkinliğe üniversite rektörü, rektor vekili, rektor yardımcıları, 8 enstitü ve kolej müdürü, 11 fakülte dekanı, 12 merkez müdürü ve bölüm başkanları katıldı. Kurum başkanları, Türk Standartları Enstitüsü müfettişlerinin sorularını cevapladılar ve eğitim faaliyetlerinin mevcut ihtiyaçlara göre yapılarında yönetilmesini anlattı.

Denetim sırasında akademik, idari ve destek süreçleri açısından üniversitenin kalitesini etkileyen iç ve dış sorunların değerlendirilmesi yapılmış, bir pandemideki risk ve fırsatların detaylı analizi yapılmış ve eylem planları geliştirilmiştir. Bu analiz, ayrıca uzaktan eğitimin pedagojik ihtiyaçlarını, gerekli araştırmanın etkililiğini, mevcut TS EN ISO 9001 Kalite Yönetim Sistemi içerisinde öğrencilerin farkındalığını artırmanın etkililiğini, uzaktan eğitim için bir sertifika programı oluşturmayı vb. değerlendirdiler. Uzmanlar, ISO / IEC 27001-2 bilgi güvenliği yönetim sisteminin oluşturulmasına dikkat etti.

Üniversite yönetimine, bölüm başkanlarına, tercümanlar Kenan Semiz, Ashimov Rüstam, Isaeva Meyramkul, Kerimbekov Yerzhan, Utebekov Senbek ve diğerlerine denetim sırasında verdikleri destek ve süreçteki dikkatli tercümeleri ve yardımları için teşekkür ederiz.

Stratejik Planlama, Reyting ve Kalite Merkezi

Türkoloji Enstitüsünde bilimsel ilerleme

Bu hafta üniversitemiz Bilim Günü'ne adanmış etkinliklere ev sahipliği yapıyor. Bu bağlamda, Türkoloji Araştırma Enstitüsü tarafından Enstitü'nün kurulması, araştırılması ve planlarına ile ilgili seminer düzenlendi. Seminerde konuşan Enstitü Müdürü Prof.Dr.Bülent Bayram, Türkoloji Araştırma Enstitüsü'nün hedefleri, planları ve güncel faaliyetleri hakkında bilgi verdi.

2002 yılından bu yana Enstitümüzde düzenli olarak yayımlanan "Türkoloji" dergisi, hâlihazırda hakemli, indeksli uluslararası bir dergidir. Enstitü çalışanları, bilimin ilerlemesini niceliksel değil niteliksel olarak gösterme çabasıyla "Türkoloji" dergisinin sayısının yılda 4 sayıya düşürüldüğünü duyurdu.

Türkoloji Enstitüsü el yazmaları fonundan bahseden konuşmacı, bilim adamlarının el yazmaları için bir açıklama hazırlayıp 2 cilt yayınladıklarını, üçüncü bir kitabın da yayına hazırlandığını söyledi. Prof.Dr.Bülent Bayram, "İleride hem el yazmalarının tasvirlerinin hem de el yazmalarının Türkçeye çevrilerek tüm Türk halklarının ortak malı haline getirileceğini söyledi. Enstitüde incelenen yazılar ayrı bir kitap olarak yayınlandı.

Seminerin sonunda Enstitü personeli adına Profesör Bülent Bayram, Ahmet Yesevi Üniversitesi görevlilerini Bilim Günü ile tebrik ederek çalışmalarında ve araştırmalarında başarılar diledi.

Türkoloji Araştırma Enstitüsü



ÖĞRENCİLER SARAYI İLE MEMORANDUM DÜZENLENMİŞTİR



Üniversite Rektörü Janar Temirbekova, Öğrenciler Sarayı'nı ziyaret etmiş ve faaliyetleriyle tanışmıştır. Görüşme sırasında Öğrenciler Sarayı ile İşbirliği Memorandumu düzenlenmiştir.

Hatırlatalım ki Öğrenciler Sarayı, 2021 yılı Şubat ayında devreye alınmıştır. Mültidisiplin okulu olmayan bu kurumda her türlü kulüpler açılmıştır. Bunların arasına modern kulüpler de vardır.

Yetenekli öğrenciler yetiştiren kurum başkanı Indira Sarkıtkızı tarafından üniversite ile birlikte büyük projeler hayata geçirmeyi hedeflenmektedir. İmzalanan Memorandum çerçevesinde gerçekleştirilecek çalışmaların güzel sonuçlara yol açacağı şüphesizdir.

БІЛІМГЕР

ХИРУРГИЯ - АУРУХАНА АЙНАСЫ...

ЖАЛЫНДЫ ЖАСТАР - КӨШ БАСТАР!

Биылғы жылы бабаларымыздың сан ғасырлар бойы арпалысымен ұрпақтың қолы жеткен киелі Тәуелсіздіктің 30 жылдығын тойлағалы отырмыз. Қазақ хандығынан бастап, егеменді елдің іргесіне дейінгі көшті жалғастыру біздің азаматтық парызымыз.



Тәуелсіздік алғаннан бері біршама ауқымды істер атқарылды. Соның ішінде, медицина саласы әлеуметтік қиындықтар мен экономикалық тәуелсіздіктерге қарамастан жоғарғы мамандандырылған медициналық көмек пен мамандар даярлаудан зор жетістіктерге жетті.

Ғұлама ғылым, әлемге аты әйгілі ұлы дәрігер Авиценнаның (Әбу-Әли Ибн Сина) келешек дәрігерлерге қоятын қатаң талаптарының ішінде бүкіл дүниежүзі дәрігерлеріне жақсы белгілі, төмендегі пікірлері мазмұн тереңдігімен де, шешендік көркемдігімен де сүйсіндіреді. «Дәрігерде қыран бүркіттің көзі, жас қыздың жұмсақ қолы, жыланның арбаушы данышпандығы, арыстанның айбарлы жүрегі болуы керек»- деді ол.

Қазіргі заманның медицинасы ұшқыр ойлы, кең білімді, сапалы маман болуды қажет етеді. Бәсеке бар жерде білім де сапа да болады. Әсіресе, берік жүйке, шыдамдылық, ұстамдылық, сабырлылық, төтенше жағдай туындаған сәтте де жағдайды бақылауда ұстай білу – бұл қасиеттер болашақ хирург мамандарға тән қасиет.

XXI ғасырдың техникасы мен өркениеті, медициналық технологиялардың дамуына байланысты медициналық қызмет көрсетуге деген сұраныстың көлемін арттыра түсу үшін білікті мамандарды дайындау өзекті мәселе. Осы бір айтулы мәселеде үлес қосып жүрген Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті «Медицина» факультетінің жанынан құрылған «Veritas-IKTU» хирургиялық клубы туралы айта кетуді жөн санадым.

«Veritas-IKTU» хирургиялық клубы 2019 жылы 20 қаңтардан бастап «Жалпы хирургия» кафедрасының меңгерушісі, дәрігер-хирург Н. Төлежановпен бірге ресми түрде өз жұмыстарын бастаған болатын. Клубтың негізгі міндеттері – медицинадағы теориялық білімдерін және хирургиядағы практикалық дағдыларын өз бетінше дамыту. Клубта 1-5 курстардан 40-қа жуық студент «Кардиохирургия», «Нейрохирургия», «Абдоминальды хирургия», «Анестезиология және реаниматология», «Оперативті гинекология», «Пластиклық хирургия», «Урология» салалары бойынша ХҚТУ Клиникалық диагностикалық орталығында, Түркістан қалалық Орталық ауруханасында, Кентау қалалық Орталық ауруханаларында өз білімдерін практикалық деңгейде шыңдап жүр.

«Veritas-IKTU» хирургиялық клубы құрылғанына көп болмаса да ЖОО арасындағы сайыстарға қатысып, жүлделі орындардан көрініп жүр. Айта кетсек, Астана қаласындағы «Veritas.Vocatio.Victoria» Халықаралық медицина олимпиадасынан II орын, Алматы қаласындағы Халықаралық «CAOS-2019» олимпиадасынан III орын, Семей қаласындағы Халықаралық «MedUSE-2019» олимпиадасынан II орын иегерлері атанған. Оқу ордамызда 1-2 сәуір күндері клубтың ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30-жылдығына арналған I Университетшілік «SOMS-2021» (Surgical Olympiad of medical students) олимпиадасы болды. Олар медицина саласының Хирургия, Анестезиология және реаниматология, Терапия, Жедел медициналық жәрдем бағыттары бойынша бақтарын сынады. «Медицина» факультетінің деканы, профессор, м.ғ.д. Ы.Молдалиев балалар хирургы, профессоры Ш.Сейдинов, ХҚТУ профессоры, дәрігер-уролог К.Каримбаев, дәрігер-хирург, м.ғ.к. Н.Төлежанов сынды білікті ұстаздар төрелік еткен Ақ халаттылар сайысында жүлделі «Adrenaline» командасы I орын, «Vitam aut Mortem» командасы II орын, «MedLife» командасы III орынды иеленген болатын.

Сондай ақ, клуб мүшелері 2019-2020 жылдары Түркия Республикасы, Стамбул қаласындағы «Мармара» университетінде, Тараз қаласындағы «Ғылыми-клиникалық кардиохирургия және трансплантология» орталығында, Алматы қаласындағы «Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия» орталығында білімдерін жетілдірді. Ай сайын «Медицина» факультеті деңгейінде студенттерге хирургия саласы бойынша шеберлік сыныптары мен лекциялар ұйымдастырып жүр. «Veritas-IKTU» хирургиялық клубы жұмысының бүгінгі күнде өте қызу түрде жүруде. Республикалық, Халықаралық деңгейдегі медицина олимпиадаларына дайындық барысының

жүріп жатқандығын хабарлаған болатын. Осы кезекте университетіміздің намысын Халықаралық, Республикалық деңгейлерде қорғап жүрген студенттерімізге сәттілік пен зор табыс тілейміз. Қорыта келе, ақиық ақын Мағжан Жұмабаев жазғандай:

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты,
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін!- деген ойларын жалғастыра отырып қазіргі уақытта медициналық мамандықты тандаған жастарымыз еліміздің өркендеуіне, халқымыздың денсаулығын қорғау жөнінде елеулі үлес қосады деген сенімдеміз!!!

Аман БЕРКІНБАЙ,
5-курс студенті,
«Veritas-IKTU» хирургиялық клубы жетекшісі



Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: Жанар БЕЙСЕНБАЕВА

Ақпарат орталығы

Журналистер:

Бекжігіт Сердәлі

Эльмира Артықбаева

Дизайнер:
Мұрат ШАХАНБАЕВ

Фото маманы: Нахып Шынтеміров

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 машинкалық беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап «Ясауи университеті» газеті электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 601-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassui@mail.ru